



Автор: Әбдірәсілова Бибіхан Есіркепқызы
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары
Тақырып: Ұлт жұмысы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: мәтінде көтерілген мәселені талдай алады, сөздік қор мен сөздік құрам туралы біледі. Оқушылардың басым бөлігі: мәтінде көтерілген мәселені талдап, негізгі ойды анықтай алады, сөздік қор мен сөздік құрам ерекшеліктерін түсінеді. Кейбір оқушылар: көтерілген мәселеге қатысты өз ойын айтады, негізгі ойды дәлел келтіре отырып анықтайды, сөздік қор мен сөздік құрам ерекшеліктерін ажыратады, қолданады.
Тілдік мақсаттар:	Сөздік қор мен терминдер: ұлт жұмысы, істеуші, сөздік қор, сөздік құрам, сөзжасам, кәсіби сөздер, диалект сөздер, термин сөздер, жаргон сөздер, көнерген сөздер.
Бағалау критерийлері:	-мәтінде көтерілген әлеуметтік мәселені талдайды; -Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; -Мәтіндегі көтерілген мәселеге қатысты өз ойын айтады; -Сөздік қор мен сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп, қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	Жалпыға бірдей еңбек қоғамы.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бейнебаян
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері.
Бастапқы білім:	Мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтай алады; фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдана алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (8 минут)	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. «Жылы сөз» әдісі арқылы бір-біріне сәттілік тілейді. Оқушыларды «Суреттегі ой» әдісімен мақалдың тақырыбына қарай Еңбек, Байлық, Күш, Бірлік топтарына біріктіремін. Ширату жаттығуы: Бейнекөрініс арқылы тақырыпты ашу. Жетекші сұрақ: «Ұлт жұмысы», «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» дегенді қалай түсінесіңдер?	АКТ

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (28минут)	1-тапсырма.Жұптық жұмыс. Мәтінді оқып, “Түймедақ” әдісі арқылы ондағы көтерілген мәселені талдаңдар. Дескриптор: 1. Мәтін мазмұнын түсінеді; 2. Мәтінде көтерілген әлеуметтік мәселені талдай алады. ҚБ. «Басбармақ» әдісі. 2-тапсырма.Топтық жұмыс. «Жылдам дебат» әдісі арқылы «Жұртқа керегін білетіндер көп, істейтіндер аз» деген пікір төңірегінде ой жарыстыра отырып, мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар. Дескриптор: 1.Көтерілген мәселеге қатысты өзіндік пікір айта алады; 2. Мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады; 3. Өз көзқарасын дәлелмен жеткізе алады. ҚБ. Топтық бағалау. «Екі жұлдыз, бір тілек»әдісі.3-тапсырма. Жеке жұмыс. «Мына арналар қай көлге құяды?» әдісімен берілген сөздерді сөздік қор менсөздік құрамға ажыратып, әр көлге құятын арналардағы 5 сөзге сөйлемқұраңдар. Дескриптор: 1. Сөздік қор мен сөздік құрамды ажыратады; . 2.Сөздік қор мен сөздік құрамның ерекшеліктерін түсініп, қолдана алады. ҚБ.Өзін өзі бағалау. «Бағдаршам» әдісі.	АКТ
Сабақтың соңы (4минут)	«ЗҚ»әдісімен кері байланыс алынады. Таратылған парақтарға бүгінгі сабақта: -Не қызық болды? -Не қиын болды? -Не құнды болды?-деген сұрақтарға өз ойларын жазады.	АКТ